

3) Ұйым қызметкерлерін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерін, сондай-ақ Ұйым қызметін регламенттейтін ішкі нормативтік құжаттарды қатаң сақтауға тәрбиелеу болып табылады.

3. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шаралары

7. Ұйымдағы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мынадай негізгі шараларды қолдану арқылы жүзеге асырылады:

1) төмендегілер арқылы Ұйым қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлық тәртібіне төзбеу қылығын қалыптастыру:

- қызметкерлерге сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласында ҚР заңнама нормалары мен басқа да актілерін түсіндіру;

- Ұйым қызметкерлеріне ұйымда және квазимемлекеттік сектордың өзге мемлекеттік органдары мен ұйымдарында анықталған сыбайлас жемқорлық фактілері туралы мәлімдеу;

- Ұйым қызметкерлерімен түсіндіру әңгімелерін өткізу;

2) Ұйымның лауазымды тұлғаларына және қызметкерлеріне, соның ішінде бос лауазымға отыратын үміткерлерге қойылатын біліктілік талаптарын қою;

3) қағиданы кадрлық жұмыс тәжірибесіне енгізу, соған сәйкес лауазымды тұлғаның өзінің қызметтік міндеттерін ұзақ, мінсіз және тиімді орындауы оны жоғары тұрған лауазымға тағайындаған кезде немесе оған сыйақы беру кезінде міндетті тәртіпте ескерілуге тиіс;

4) Ұйым қызметкерлерін, сондай-ақ үшінші тұлғаларды алаяқтық, асыра пайдалану және басқа да заңға қайшы әрекеттерді жасауға қатысты белгілі фактілер немесе күдіктер туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін кез келген әдістермен хабарлау құқығымен қамтамасыз ету.

4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі бағыттары

8. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша ұйым қызметінің негізгі бағыттары:

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласында ұйымның бірінғай саясатын жүргізу;

- мемлекеттік органдармен, сыртқы ұйымдармен, сондай-ақ азаматтармен және азаматтық қоғамның және институттарымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша ұйымының өзара іс-қимыл жасау механизмін құру;

- Ұйым қызметкерлерін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға барынша қатысуға тартуға, олардың ойын сыбайлас жемқорлық тәртіпке деген жағымсыз көзқарасты қалыптастыруға бағытталған әкімшілік және өзге де шараларды қабылдау;

- қызмет көрсеткен кезде, адал, ашық, әділ бәсеке мен әділдікті қамтамасыз ету болып табылады.

9. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға және/немесе ұйым қызметкерін сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығын жасауға итермелеуге қатысты белгілі фактілер

немесе күдіктер туралы ақпаратты білетін ұйымның өзге де қызметкерлері, сондай-ақ үшінші тұлғаларды тарту фактілері туындаған жағдайда, ұйым қызметкерлері ұйымның басшылығына дереу хабарлауға міндетті.

10. Бұндай әрекеттердің жасалуы туралы өтініш қажет болған жағдайда жауапкершілікке тарта отырып және уәкілетті мемлекеттік органдарды хабарландыра отырып, тексеріледі және өзінің логикалық соңына жеткізіледі.

5. Мүдделер қақтығысын болдырмау және реттеу тәртібі

11. Ұйым қызметкерлері:

- 1) мүдделер қақтығысы туындауының кез келген мүмкіндігін болдырмау жөніндегі шараларды қабылдауға;
- 2) мүдделер қақтығысының туындауы немесе туындау мүмкіндігі туралы өзі білген уақытта дереу өзінің тікелей басшысына хабарлауға;
- 3) мүдделер қақтығысын болдырмау және реттеу жөніндегі өзге де шараларды қабылдауға міндетті.

12. Мүдделер қақтығысын болдырмау және реттеу мүдделер қақтығысы тарапы болып табылатын ұйым қызметкерінің лауазымдық немесе қызметтік дәрежесінің өзгеруі түрінде, тіпті белгіленген тәртіпте қызметтік міндеттерді орындаудан босатылуы түрінде болуы мүмкін.

6. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығы үшін жауапкершілік

13. Ұйым қызметкерлері сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасағаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қылмыстық, әкімшілік және тәртіптік жауапқа тартылады.

**«Жаңақорған аграрлы-техникалық
колледжі» КМҚК-ның
сыбайлас жемқорлыққа қарсы
іс-қимыл саясатына (1-қосымша)**

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдау туралы келісім

Мен, «Жаңақорған аграрлы-техникалық колледжі» КМҚК «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабының 1-тармағына сәйкес, көрсетілген Заңның 13, 14, 15-баптарында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, сондай-ақ (ұйымның атауы) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатының талаптарын сақтау мақсатында, сыбайлас жемқорлыққа қарсы:

- 1) Мемлекеттік функцияларды орындау мен үйлеспейтін қызметті жүзеге асыру;
- 2) Жақын туыстарының, ерлі-зайыптылардың және жекжаттарының бірге қызмет етуіне (жұмыс істеуіне) жол бермеу;
- 3) мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында ресми таратуға жатпайтын қызметтік және өзге де акпаратты пайдалану;
- 4) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен және Қоғамның ішкі құжаттарымен қарастырылған жағдайларды қоспағанда, өзінің лауазымдық өкілеттіктерін орындауға байланысты сыйлықтар қабылдау;
- 5) мүдделер қақтығысының туындауына әкеп соқтыруы мүмкін іс-әрекеттерді жасау, ал ол пайда болған жағдайда бұл туралы (ұйымның атауы) тікелей басшыға немесе ұйымның басшысына тиісті ішкі нормативтік құжаттарында көзделген тәртіппен және мерзімде жазбашанысанда хабардар ету бойынша шектеулерді қабылдаймын.

Лауазымды тұлғаның қолы 

күні 15.05.2024 ж.



БЕКІТЕМІН»

«Жаңақорған аграрлы-техникалық колледжі» КМҚК директорының м.а.

Т.Шарап
2024 ж.

«Жаңақорған аграрлы-техникалық колледжі» КМҚК - ның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты

1. Жалпы ережелер

«Жаңақорған аграрлы-техникалық колледжі» КМҚК-ның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы саясаты (бұдан әрі – Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат). Ұйымдағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі принциптерін, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және онымен күресу, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың салдарын барынша азайту және (немесе) жоюдың басқарушылық және ұйымдастырушылық негіздерін белгілейді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатының аталған ережелері мүмкін болатын сыбайлас жемқорлық фактілерінің алдын алуға, ұйымдасыбайлас жемқорлықты қатаң қабылдамауды қалыптастыруға бағытталған.

2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат – сыбайлас жемқорлыққа қарсы ұйым тиімді іс-қимыл жүйесін құруға бағытталған қызмет.

3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мыналар бойынша лауазымдық тұлғаларының құзыреті аясындағы қызметі:

1) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, соның ішінде сыбайлас жемқорлық себептерін анықтау және кейіннен жою (сыбайлас жемқорлықтың алдын алу);

2) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын анықтау, алдын алу, бұлтартпау және ашу (сыбайлас жемқорлықпен күрес).

4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың ережелері ұйымның барлық қызметкерлеріне қатысты.

2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың мақсаты мен міндеттері

5. Лауазымдық міндеттерді орындау кезінде сыбайлас жемқорлықтан бас тартатын және әділеттік пен тұрақтылық принциптерін қамтамасыз ететін ұйым қызметкерлерінің құқықтық мәдениетін қалыптастыру Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың негізгі мақсаты болып табылады.

6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың міндеттері:

1) сыбайлас жемқорлыққа әкеп соғатын себептер мен жағдайларды жою;

2) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу;